

KASE АПТАЛЫҒЫ

06 – 17 мамыр,
2024

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2024 жылдың сәуір айындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE ресми тізіміне АҚШ Қаржы министрлігінің [US912796Y528](#) (US126_2407), "КМФ (КМФ)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011299](#) (MFKMb4), "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ [KZ2C00011302](#) (AGKKpp1), "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00011328](#) (KAFpp6), "Сары-Арқа" әуежайы" АҚ [KZ2C00011203](#) (ARSApp1), "Еуразиялық Капитал" АҚ [KZ2C00010924](#) (EUCPb1), "Банк "Bank RBK" АҚ [KZ2C00011336](#) (INBNb15), Жамбыл облысы әкімдігінің [KZMJ00001808](#) (DZK024_180), Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMJ00001816](#) (ZKK024_181) және Астана қаласы әкімдігінің [KZZJ00000128](#) (ASK024_012) облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797HQ30](#) (US113_2405) және [US912797JW89](#) (US114_2405) халықаралық облигациялары, "5A OIL (5A Ойыл)" ЖШС [KZX000000690](#) (AOILe1) халықаралық облигациялары, Еуразиялық даму банкінің [kz2d000009552](#) (eabrb33) облигациялар және "КМФ (КМФ)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00008550](#) (MFKMB2) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "Капиталинвест" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011166](#) (MFCIb2), "Birinci Lombard" ЖШС [KZ2P00010952](#) (MFBLe3) және Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00007671](#) (EABRb15) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [XS2106835262](#) (BRKZe10) және [XS2472852610](#) (BRKZe13) облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "BCC Invest" АҚ "ОнлайнҚазқаржы МҚҰ" АҚ-ның KZ2C00010478 (MFOKb18) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесіне [ие болды](#).
- "SkyBridge Invest" АҚ "KEGOC" АҚ KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 121,3 млн МЕККАМ-12 157-ші шығарылымын ([KZK100000332](#), MKM012_0157), 14,0 млн МЕУКАМ-84 19-шы шығарылымын ([KZKD00001244](#), MUM084_0019), 14,0 млн МЕУКАМ-108 13-ші шығарылымын ([KZKD00001087](#), MUM108_0013), 3,0 млн МЕУКАМ-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), MUM180_0006), 11,0 млн МЕУКАМ-180 14-ші шығарылымын ([KZKD00000956](#), MUM180_0014), 38,6 млн МЕУКАМ-72 15-ші шығарылымын ([KZKD00001251](#), MUM072_0015), 22,5 млн МЕУКАМ-168 үшінші шығарылым ([KZKD00000949](#), MUM168_0003), 34,1 млн МЕУКАМ-192 екінші шығарылымын ([KZKD00000543](#), MUM192_0002) және 26,5 млн МЕУКАМ-240 екінші шығарылымын ([KZKD00000741](#), MUM240_0002) орналастырды.
- Еуразиялық Даму Банкі KASE-д [KZ2D00010865](#) (EABRb45) және [KZ2D00007671](#) (EABRb15) облигацияларын орналастыру арқылы 14,4 млрд теңге тартты.
- Жамбыл облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001808 (DZK024_180) облигацияларын орналастыру арқылы 11,1 млрд теңге [тартты](#).
- Батыс Қазақстан облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001816 (ZKK024_181) облигацияларын орналастыру арқылы 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- Астана қаласының әкімдігі KASE-де KZZJ00000128 (ASK024_012) облигацияларын орналастыру арқылы 5,2 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS2472852610 (BRKZe13) халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын ішінара кері сатып алу туралы [хабарлады](#).
- "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ 2022 жылға жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Жасыл инвестициялардың халықаралық қағидаттарына [қосылды](#).
- 2024 жылдың сәуірінде "ҚазТрансОйл" АҚ Қытай Халық Республикасына 834,8 мың тонна Ресей мұнайының транзитін жүзеге [асырды](#).
- 2024 жылдың басынан бастап "ҚазТрансОйл" АҚ Германияға 420 мың тонна қазақстандық мұнай [тасымалдады](#).
- "BASS Gold" ЖШС жаңа алтын өндіру фабрикасында Доре қорытпасының алғашқы құймаларының шығарылуы туралы [хабарлады](#).



17.05.2024

KASE Индексі 5 015,22 **Трендтер (%)** -0,9 1,6

Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а


Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Advanced Micro Devices, Inc.	166,00	8,2	2,4
Freedom Holding Corp.	70,90	6,5	2,3
АО "НАК "Казатомпром"	19 300,00	5,1	5,5
Apple Inc.	192,00	4,9	12,8
The Coca-Cola Company	63,95	4,8	8,2
Pfizer Inc.	28,85	4,4	8,9
АО "БАСТ"	9 233,35	3,5	5,5
NVIDIA Corp.	910,07	3,2	6,5
АО "Банк ЦентрКредит"	1 641,00	2,9	3,7
Bank of America Corporation	39,07	2,8	13,0
АО "КазТрансОйл"	848,80	1,1	0,8
АО "KEGOC"	1 513,81	0,9	2,1
Intel Corporation	31,95	0,9	- 12,0
Tesla, Inc.	182,00	0,6	10,3
АО "Национальная компания "КазМунай"	12 979,45	0,1	1,8
АО "ЛОТТЕ Рахат"	17 000,01	- 0,6	- 2,9
АО "Кселл"	3 039,95	- 1,0	0,7
АО Kaspi.kz	53 750,00	- 1,0	2,7
АО "Каззахтелеком"	33 710,00	- 1,5	- 2,3
PayPal Holdings Inc.	935,00	- 3,2	1,4
АО "Эйр Астана"	935,00	- 5,7	3,4
АО "Народный Банк Казахстана"	202,98	- 7,3	- 3,1
АО "ForteBank"	6,21	- 9,9	2,8

Анықтама: жазыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE индексі 1 %-ға 5 015,22 тармақ деңгейіне дейін төмендеді.

2024 жылдың мамыр айының басында ОПЕК+ Сауд Арабиясы, Ресей, Ирак, БАӘ, Кувейт, Қазақстан, Алжир және Оман тарапынан өндірістің айтарлықтай төмендеуін қамтитын мұнай өндіруді тәулігіне 2,2 миллион баррельге қысқартуды екінші тоқсанның соңына дейін ұзарту туралы жариялады. Бұл шаралар экономикалық белгісіздік жағдайында мұнай нарығындағы тұрақтылық пен тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Мұнай нарығындағы оң жаңалықтарға қарамастан, ҚазМұнайГаз акциялары бағаға 0,2 % шамалы қосып, 12 979,4 теңге деңгейінде жабылды.

ҚазТрансОйл ағымдағы жылдың сәуір айында Қытайға 834,8 мың тонна ресейлік мұнай транзитін жүзеге асырды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,8 мың тоннаға артық. 2024 жылдың алғашқы төрт айында компания Германияға 420 мың тонна қазақстандық мұнайды тасымалдады, бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштерден 330 мың тоннаға артық. Компанияның акциялары 848,8 теңге деңгейіне дейін 1,1 %-ға қымбаттады.

АҚШ Ресейден төмен байытылған уран импортына санкциялар енгізді. Бұл шешім күтілетін дивидендтермен қатар Қазатомөнеркәсіп акцияларының өсуін ынталандырды. Компанияның акциялары 4,2%-ға өсіп, жұма күні бір данасы үшін 19 300 теңге бағасымен жабылды.

Сонымен бірге, KEGOC 2023 жылға қаржылық есеп берушілігін ұсынды. Осы деректерге сәйкес жиынтық активтер 1 трлн теңгеге дейін өсті, ал жиынтық міндеттемелер 316,1 млрд теңгеге дейін төмендеді. Түсім 252,1 млрд теңгені құраса, таза пайда 43,4 млрд теңгеге жетті. Активтер мен меншікті капиталдың кірістілігі сәйкесінше 4,3 % және 6,3 % дейін өсті. Осы оң көрсеткіштердің аясында компания акцияларының құны 1,5 %-ға өсіп, бір акция үшін 1 513,8 теңгені құрады.

Ұлттық авиатасымалдаушысы Эйр Астана 2024 жылдың 30 сәуірінде жарияланған кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде сатып алынған жай акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттар туралы хабарлады. Ағымдағы жылдың 2-13 мамыры аралығында компания жалпы сомасы 288 635,14 АҚШ долларын құрайтын 18 604 акцияға құқықты куәландыратын 112 530 акция мен 4 651 ЖДҚ сатып алды. Бұл ретте акцияларды сатып алудың орташа сараланған бағасы 949,83-тен 990,00 теңгеге дейін, ал ЖДҚ – 8,56-дан 8,90 АҚШ долларына дейін өзгерді. Авиатасымалдаушының акциялары 935 теңге деңгейіне дейін 1,4 % төмендегенін көрсетті.

Телекоммуникация секторының акциялары теріс динамиканы көрсетті: Кселл жай акцияларының құны 0,8 %-ға төмендеп, 3 039,9 теңгеге жетті, ал Қазақтелеком акциялары 1,4 %-ға төмендеп, бір бағалы қағаз үшін 33 710 теңгеге жетті.

Өткен аптада қаржы компанияларының акциялары көп бағытты сауда-саттықты аяқтады.

Халық банкінің акциялары өз құнының 8,6 % жоғалтты және акционерлер тізілімі бекітілгеннен кейін 202,9 теңге деңгейінде жабылды. Банк 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерді жариялау үшін 20 мамырда конференция өткізілетінін хабарлады.


Ал ЦентрКредит Банкі акцияларының құны 1,3 % - ға, 1 641 теңге деңгейіне дейін өсті.

Сонымен қатар, Kaspi.kz акциялары 1,8 % - ға 53 750 теңгеге дейін төмендегенін көрсетті. Сондай-ақ, Гарвард Бизнес Мектебі Kaspi.kz туралы жаңа оқу материалын ұсынғанын атап өткен жөн. Бұл компанияға арналған, 2019 жылы жазылған екінші кейс, төрт жылдан беру студенттерді оқыту үшін қолданылады. Жаңа кейс "Kaspi.kz: инновация арқылы сенімді қалыптастыру" деп аталады.




KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің жоғарғы дәлізінде саудалана отырып, жылдық 13,40 %-дан 15,13 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана отырып жылдық 8,93 %-дан 11,54 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сәуір айының қорытындысы бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 1,1%-ға 442,05 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 225 млн АҚШ долларынан 234 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Сәуір айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 1 056 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 21% - құрады және күніне 48 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк сәуір айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 10% құрады.


Ұлттық Банк сәуір айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылғы мамырда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 750-ден 850 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

2024 жылғы мамырда ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 450-ден 500 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
GBP	560,91	1,86	0,14	0,50
USD	443,44	0,92	-1,61	-4,55
EUR	480,51	1,47	0,67	-2,61
CNY	61,36	0,89	-1,31	-8,30
RUB	4,88	2,52	1,89	-24,42

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	5 303,27	3,4	5,6	26,3	1,5
Dow Jones	40 003,59	3,4	6,0	19,3	1,2
PTC	1 211,87	2,3	5,0	17,3	3,2
ММББ	3 501,89	1,7	1,4	33,0	3,2
Hang Seng	19 553,61	5,8	20,3	-0,9	3,1
SS CSI 300	3 677,97	2,0	3,2	-7,0	0,2
Euro Stoxx 50	5 064,14	2,9	3,1	16,0	-0,2
FTSEuroFirst	5 619,50	4,1	5,7	14,4	-0,1
FTSE 100	8 420,26	2,5	7,3	8,8	-0,1
KASE	5 015,22	-0,9	1,6	38,8	

Шикізат нарығы

17.05.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,98	1,2	-3,8	10,7
Мұнай (WTI)	80,06	2,5	-3,2	11,4
Табиғи газ	2,63	22,6	53,4	1,3
Мыс	505,70	10,6	16,5	37,4
Темір	890,50	0,3	-0,1	8,0
Алтын	2 415,22	4,9	2,3	23,5
Күміс	31,05	17,4	9,3	32,1
Астық	651,25	7,5	21,3	6,5

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
22.05 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (сәуір)</u>	GBP	2,1%	3,2%
22.05 <u>Шикі мұнай қоры</u>	USD		-2,508M
23.05 <u>FOMC хаттамаларын жариялау</u>	USD		
23.05 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	221K	222K
23.05 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (мамыр)</u>	USD	50,1	50,0
23.05 <u>Жаңа тұрғын үй сату (сәуір)</u>	USD	674K	693K
24.05 <u>Германияның ЖІӨ (т/т) (1 тоқсан)</u>	EUR	0,2%	-0,3%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,7%	01.05.24	9,1%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	37,8	01.04.24	36,2
Ақша базасы, млрд KZT	12 302,6	01.04.24	11 526,7
Ақша масса, млрд KZT	37 917,4	01.05.24	38 103,4

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
FitchRatings	BBB/тұрақты	18.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.